# Облыстың 1998 жылғы бюджеті туралы

***Күшін жойған***

Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 1998 жылғы 25 ақпандағы N 16/2 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет басқармасында 1998 жылғы 15 желтоқсанда N 41 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы мәслихатының 2010 жылғы 23 шілдеде N 27/10 Шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы мәслихатының 2010.07.23 N 27/10 Шешімімен

1. 1998 жылғы облыстық бюджет кірістері мен шығындары бойынша 7765112 мың теңге сомасында бекітілсін /1 қосымша/.

Облыстық қаржы басқармасы облыстық бюджеттің шығыстарын ведомстволық құрылымы бойынша классификацияға сәйкес адресті бөлуді қамтамасыз етсін.

2. 1998 жылға арналған облыстық бюджетке түсімдер мына көздер есебінен қалыптастырылатын болып белгіленсін:

- төменгі бюджеттерге есептелетін сомаларды қоспағанда төлем көзінен ұсталатын заңды тұлғалардың табыс салығы және жеке тұлғалардың табыс салығы;
- төменгі бюджеттерге есептелетін сомаларды қоспағанда акциздер;
- мемлекеттік мүлікті пайдаланғаны үшін төлемдер;
- әкімшілік айыппұлдар мен басқалай санкциялар;
- өзге салықтық емес түсімдер;
- республикалық бюджеттен алынатын трансферттер.

3. Облыстық бюджеттің кірістері құрамына қоршаған табиғи ортаны ластағаны үшін төлемдер есебінен құрылатын табиғат қорғаудың облыстық қорының түсімдері, табиғат қорғау заңдарын бұзғаны үшін айыппұлдар санкциялары, аңшылық пен балықшылықтың тәркіленген құралдарын, заңсыз алынған өнімді өткізуден түскен қаржылар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдылығына қайшы келмейтін өзге де түсімдер, облыстық және аймақаралық табиғат қорғау шараларын қаржыландыру мақсатында олардың түсімдері көлемінің 70 проценті мөлшерінде енгізілсін.

Облыстық қаржы басқармасы табиғат қорғаудың облыстық қоры функцияларын іске асыру жөніндегі шығындарды қаржыландыруды облыстық бюджетке олардың нақты түсімдері көлемінің 60 проценті мөлшерінде жүзеге асырсын.

4. 1998 жылға жалпымемлекеттік салықтардан түсімдердің жалпы сомасын аудандар, Көкшетау және Петропавл қалаларының бюджеттеріне бөлу мына мөлшерде белгіленсін:

а) заңды тұлғалардан табыс салығы бойынша:

Айыртау, Ақжар, Булаев, Еңбекшілдер, Есіл, Жамбыл, Зеренді, Қызылжар, Мамлют, Сергеев, Совет, Тайынша, Тимирязев, Уәлиханов, Целинный, Щучье аудандары мен Көкшетау қаласына 100 проценттен, Петропавл қаласына 50 процент;

б) төлем көзінен ұсталатын жеке тұлғалардан табыс салығы бойынша:

Айыртау, Ақжар, Булаев, Еңбекшілдер, Есіл, Жамбыл, Зеренді, Қызылжар, Мамлют, Сергеев, Совет, Тайынша, Тимирязев, Уәлиханов, Целинный, Щучье аудандары мен Көкшетау қаласына 100 проценттен, Петропавл қаласына 50 процент;

в) акциздер бойынша:

Айыртау, Ақжар, Булаев, Еңбекшілдер, Есіл, Жамбыл, Зеренді, Қызылжар, Мамлют, Сергеев, Совет, Тайынша, Тимирязев, Уәлиханов, Целинный, Щучье аудандарына 100 процент.

5. Төменгі бюджеттің кірістеріне мыналар түсетіні ескерілсін:

- жергілікті салықтар мен алымдар;

- облыстық бюджетке есептелетін салымдарды қоспағанда заңды тұлғалардан табыс салығы;

- облыстық бюджетке есептелетін сомаларды қоспағанда кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғалардан және төлем көздерінен ұсталатын табыс салығы;

- республикалық және облыстық бюджеттерге есептелетін сомаларды қоспағанда;

- орман пайдаланғаны үшін төлем;

- суға төлем;

- коммуналдық меншікті жалға беруден кірістер;

- облыстық бюджетке есептелетін сомаларды қоспағанда әкімшілік баж салықтары;

- жер учаскелерін жалға беруді қосқанда жерге меншік құқығын және жер пайдалану құқығын сатудан түсімдер;

- республикалық және облыстық бюджеттерге есептелетін сомаларды қоспағанда басқа салықтық емес түсімдер.

6. 1998 жылы аудандар мен қалалар бюджеттеріне 5371363 мың теңге сомасында трансферттер бөлінсін, соның ішінде:

Айыртау ауданы - 238747,

Ақжар - 178753,

Булаев - 218726,
Еңбекшілдер - 221993,
Есіл - 223559,
Жамбыл - 215072,
Зеренді - 242648,
Қызылжар - 241797,
Мамлют - 184355,
Сергеев - 186788,
Совет - 227486,
Тайынша - 311489,
Тимирязев - 106454,
Уәлиханов - 151309,
Целинный - 188821,
Щучье - 667414,
Көкшетау қаласы - 651606,
Петропавл қаласы - 914406.

7. Аудандардың, Көкшетау және Петропавл қалаларының бюджеттері құрамында халықтың жұмыс істемейтін бөлігі үшін қаржыны сақтандыру мен міндетті медициналық сақтандыру қоры бөлімшелеріне, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің " Аз қамтылған азаматтарды қолдау жөніндегі жалпыұлттық қор туралы" 1997 жылғы 10 желтоқсандағы Жарлығына сәйкес аз қамтылған азаматтарды қолдаудың аймақтық қорларын қалыптастыруға үлестік қатысуға беру көзделінгені ескерілсін.

8. Аудандардың, Көкшетау және Петропавл қалаларының бюджеттерінің шығыстары құрамында Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасында мүгедектігі, асыраушысынан айырылуы және жасы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы" 1997 жылғы 16 маусымдағы Заңына сәйкес мүгедектігі, асыраушысынан айырылуы және жасы бойынша жәрдемақылар төлеуге қаржы, сондай-ақ, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар алушыларды жерлеуге айлық есепті көрсеткіштің он бес есе мөлшерінде жәрдемақы көзделгені ескерілсін.

9. "Аудандардың, Көкшетау және Петропавл қалаларының бюджеттерінің шығыстары құрамында Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар", Ұлы Отан соғысының қатысушыларының, мүгедектердің және оларға теңестірілген адамдардың жеңілдіктері мен әлеуметтік қорғау туралы" 1995 жылдың 28 сәуіріндегі N 2247 Жарлығына сәйкес жыл сайынғы бірмезгілдік жәрдемақылар төлеуге, материалдық көмекке және санаторий-курорттық емделу жолдамаларын төлеуге қаржы ескерілсін.

10. Облыстық бюджетте әлеуметтік-мәдени шараларды қаржыландыруға

1678298 мың теңге мөлшерінде белгіленсін.

11. Облыстық бюджеттің шығын бөлігінде облыстық ішкі істер басқармасын есептегенде басқару органдарын ұстауға 308575 мың теңге сомасында қаржы бекітілсін.

12. Облыстық бюджетте қорғаныс мекемелерін, құқық қорғау органдарын ұстауға 300130 мың теңге мөлшерінде қаржы белгіленсін.

13. Табиғат қорғау қорының шығыстары 31620 мың теңге сомасында бекітілсін.

Облыстық қаржы басқармасына табиғат қорғау шараларын олар бойынша белгіленген аударылымдар мөлшерінде, сондай-ақ облыстық бюджетте көзделген шараларды қаржыландыруға жұмсауға рұқсат берілсін, кейін өндірістік шығындарды облыстық мәслихат бекітсін.

14. 14700 мың теңге сомасында жыл сайын бекітілетін квотаға сәйкес Қазақстанға қоныс аударуға, орнығуға келуге байланысты шараларға, репатрианттарға (оралмандарға) ақшалай жәрдемақы төлеуге шығындар ескерілсін.

15. Облыстық бюджеттің шығыс бөлігінде конкурстық негізде дәрі-дәрмектерді орталықтандырылған сатып алуға қаржы көзделсін.

16. Ескерткіш ғимараттарын жөндеу-бүтіндеу жұмыстарына және тарихи-мәдени мұраны қорғау, жөніндегі мемлекеттік инспекцияны ұстауға 200 мың теңге мөлшерінде шығындар белгіленсін. (ескерткіш ғимараттарын жалға беруден түсімдер сомасының 20 проценті).

Ескерткіштер ғимараттарын жалға беруден қосымша кірістер түскен кезде облыстық қаржы басқармасына оларды көрсетілген мақсаттарға жұмсауға рұқсат етілсін, кейін өндірістік шығындарды облыстық мәслихат бекітсін.

17. "Шағын қонақ үй" мемлекеттік кәсіпорнын ұстауға 7200 мың мөлшерінде бөлінсін.

18. Облыстық "Зерде" Кітабын" шығаруға 8682 мың теңге сомасында шығындар белгіленсін.

19. Облыстық бюджетте 20318 мың теңге мөлшерінде резервтік қор, соның ішінде төтенше жағдайлар мен табиғи және техногендік сипаттағы шараларды қаржыландыруға 15000 мың теңге сомасында қаржыландырылу шығыны белгіленсін.

20. Міндетті медициналық сақтандыру қорына облыстық бюджеттен 285883 мың теңге мөлшерінде, соның ішінде 1997 жылдың 1 қаңтарына пайда болған міндетті медициналық сақтандыру жүйесінде жұмыс істейтіндерге емдеу мекемелері алдында облыс бюджетінің кредиторлық берешегін жабу үшін 70572 мың теңге сомасында шығындар көзделсін.

21. 1998 жылғы облыстық бюджетті орындау процесінде мыналар қысқартуға

жатпайтын болып белгіленсін:

- жалақы төлеуге шығындар;

- зейнетақы, әлеуметтік және міндетті медициналық сақтандыру қорларына;

- жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қорларына міндетті жарналар төлеуге байланысты шығындар;

- балалары бар отбасыларына жәрдемақылар, басқа әлеуметтік төлемдер;

- тамақ өнімдері мен дәрі-дәрмек сатып алуға шығындар.

22. Жылдың аяғына қарай облыстық бюджет бойынша қолдағы касса айналымының мөлшері 66 мың теңге сомасында белгіленсін, бұл мақсаттарға көрсетілген сомада 1997 жылдың 1 қаңтарына облыстық бюджеттің қалдық ақша қаражаты жұмсалсын.

23. Облыс әкіміне қосымша алынған кірістерді, трансферттерді және басқа түсімдерді кейін өндірістік шығындарды облыстық мәслихатта бекіту арқылы бюджетте көзделген шараларды қаржыландыруға жұмсауға рұқсат етілсін.

Қосымша алынған кірістер есебінен бюджетте көзделмеген шараларды қаржыландыру кейін белгіленген тәртіппен бекіту арқылы мәслихаттың үйлестіру кеңесінен келісімі бойынша ғана жүргізіледі.

24. Солтүстік Қазақстан облысының әкіміне 1998 жылға арналған облыстық бюджетті орындау жөнінде шаралар әзірлеу тапсырылсын.

*Облыстық мәслихаттың кезектен тыс XYI сессиясының төрағасы*

*Облыстық мәслихаттың хатшысы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК